

*Педагогика пәні,
зерттеу*






әдістемері



“Педагогика” термині

гректің екі сөзінен шыққан:

- ***“пайс” – балалар***
- ***“эгейн” – баланы басқару, тәрбиелеу, жетектеу, бағу ұғымдарынан шыққан***



ПЕДАГОГИКАНЫҢ ШЫҒУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Педагогиканың пайда болуы қоғамның жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімді жолын табу мақсатынан және де өндірісті дамыту талабынан туған

Педагогика ғылымы ұзақ тарихи даму жолынан өтті

Алғашқы педагогикалық ой-пікірлер ертедегі шығыс елдерінің (Мысыр, Вавилония, Үнді, Қытай) философиялық жүйесінде дамып, кейін жеке ғылым болып дами бастады

XV-XVI ғасыр педагогикасы орта ғасыр педагогикасын сынады. Адам-ның жеке басының тәрбиесі, оның дамуы ойшылдарды толғандырды, мәдениет пен педагогикалық бағыт “гуманизм” деп аталды

Гуманистер жаңа дәуір үшін жаңа адам қажеттілігін дәлелдеді.

XIX ғасырда педагогика да өз алдына ғылым ретінде бөлініп шықты

Педагогика ғылымының құрылымы, оның басқа ғылымдармен байланысы

| Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы | | |
|--|--|--|
| Философия – табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдары, өмірді танып-білу жөнін-дегі көзқарас жүйесі | Тәрбие адамды қалыптастырудағы тұқым қуалаушылық, орта, тәрбиенің рөлін зерттейді. | |
| Психология – адам мінез-құлқындағы түрлі ерекшеліктері | | |
| Физиология – бала ағзасының жоғары жүйке қызметі, қан, тыныс алу, жүрек, тамыр жүйесінің физиологиясын білуі керек. | Жас ағзаның даму процесіндегі анатомиялық, физиологиялық ерекшеліктерді зерттейді. | |
| Социология -әлеуметтік ортаның адамға ықпалы, адамдар арасындағы әлеуметтік қатынасты қарастырады. | Мектеп гигиенасы – | жылу, жарық, ауа режимдері, мектеп оқу құралдарына талаптарды зерттейді. |
| Этнография, археология – өткен ғасырдағы ескерткіштер арқылы халықтардың әдет-ғұрпын, салтын зерттейді. | | |
| Кибернетика – бағдарлап оқыту теориясына сүйеніп, мектеп жұмысында оқыту мен бақылау машиналарын техникалық құралдарды пайдаланады. | | |

Мектепке дейінгі педагогика отбасы, балалар бақшасындағы, демек, мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесін зерттейді.

Мектеп педагогикасы мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттары мен міндеттерін, әдістері мен принциптерін, формаларын, мазмұның және нәтижесін анықтайды.

Мектеп педагогикасы төрт бөлімнен тұрады:

- 1. Педагогиканың жалпы негіздері**
- 2. Тәрбие теориясы**
- 3. Дидактика**
- 4. Мектептану (басқару теориясы)**

Дидактика – педагогиканың негізгі таруларының бірі.


Педагогика тарихы – тәрбиенің шығуы мен дамуының тарихын зерттейді

Пәндерді оқытудың әдістемесі оқыту және білім беру теориясы – жалпы дидактикаға сүйенеді

- **Дефектология** – педагогика ғылымының арнаулы саласы.
- Дефектология көру, есту, сөйлеу мүшелерінде және ақыл ойында табиғи кемістігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу мәселелерін зерттеп жетілдіреді.
- Дефектология 4 салаға бөлінеді:
- **Сурдопедагогика**-саңырау, мылқау және керең балаларға,
- **Тифлопедагогика**-көру қабілеті нашар балаларға,
- **Олигофренопедагогика**-ақыл-ойы кеміс балаларға,
- **Логопдия**-тілінің кемісі бар балаларға білім және тәрбие беру мәселелерін зерттейді

Педагогикалық зерттеу әдістері – педагогикалық болмыс туралы зерттеуші жинаған фактілер мен білімдерді талдаудың негізгі тәсілдері.

Теориялық және эмпирикалық деп бөлінеді.



Күрделі бақылау –
зерттеу жұмысында
қолданылады

Жанама бақылау
зерттеушінің
Тапсырмасымен
жүргізіледі

Тікелей бақылауды
жанама бақылау
толықтырады

Педагогикалық бақылау–
баланың мінез-құлқын
әр түрлі жағдайларда
көруге болады

Адамның жеке өзі және
біреу қарап тұрғандағы
мінезі түрліше,
сондықтан ашық
және жабық
бақылау қолданамыз

Бақылау түрлері

Ұжым болып **бақылау**
кезінде 1-ші – зерттеуші
мұғалімнің іс - әрекетін,
2-ші – оқушылардың,
3-ші – жеке оқушылардың
іс - әрекетін белгілейді

Монографиялық бақылау
арқылы алуан түрлі
педагогикалық құбылыс-
тар бақыланады

Үздіксіз бақылау
педагогикалық
процесті
басынан аяғына дейін
толық жүргізу


Зерттелетін
педагогикалық
құбылыстардың жасырын
жерлеріне енуге мүмкіндік
беретін **өзін-өзі бақылау**

Эксперимент – оқыту және тәрбиенің қандайда бір әдісін, тәсілін тәжірибе арқылы сынақтан өткізу.

Эксперимент өткізу алдында белгілі бір педагогикалық әдіс тәсілдің тиімділігі туралы ғылыми **гипотеза** айтылады

- ❖ **Көлемді экспериментке** көп оқушылар қатысады.
- ❖ **Ойдағы эксперимент** – іс - әрекетті санада жасау.
- ❖ Ғылыми педагогикалық зерттеу институттары шығарған оқулықтарының пайдалылығын арнайы мектептерде **тексеру эксперименті** арқылы зерттейді.
- ❖ **Зертханалық эксперимент** арқылы зерттеуші өзінің гипотезасын алдын ала тексеру үшін жасанды жағдайлар жасалады.
- ❖ **Табиғи эксперимент** өткізу үшін зерттеуші жобаны оқу – тәрбие, басқару жұмысының күнделікті жоспарына енгізеді.

- ❖ **Педагогикалық эксперименттің ережелері:**
оқушылардың денсаулығы мен дамуына оңтайлы ықпал етіп, олардың жан дүниесіне, өміріне зиянын тигізбеу.



***Назарларыңы
зға рахмет!!!***